

2021 - 2022 оқу жылында Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының Республикалық «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт»

Жобасы бойынша кітапханасының жүргізілетін жұмыс жоспары

Мектеп кітапханасы оқушылармен оқу жылының басында слайд көрсетіп, оқушыларды "Оқуға құштар мектеп оқуға құштар ұлт" республикалық жобасымен таныстырды.

Бастауыш сыныптарда "Жібек Қыз" кітабы бойынша оқулар өтті. 7 сынып оқушылары мектеп кітапханалары кітап оқып, рухани бай боламыз" бейнеролигін көрсетті. Қайырымдылық шарасына түсу мақсатында "Кітапханаға кітап сыйла" акциясы өткізілді. 7-8 сынып мұғалімдерімен "оқудың пайдасы" атты сынып сағаты өткізілді. 8 сынып оқушыларымен сынып жетекшісі Г. К. Ахметовамен бірге "заман әлемі оқу мәдениеті қанды?" Оқушыны көркем кітап оқуға тарту мақсатында буккроссингтер өткізіледі. Бастауыш сынып оқушыларымен Е. Өтетілеуұлының "Баластан", "Алпамыс батыр" атты жаңа кітаптарымен шолулар, оқулар өткізілді, "Қозы Көрпеш-Баян Сұлу", Иырай Алтынсарин "Кел, балалар, оқы". 3-4 сынып оқушылары "сүйікті ертегілер беттері бойынша" бейнежазбасын көрсетті. 8-9 сынып оқушыларын Сайлай Байбосынның туған өлке туралы "Қорғалжын" кітабымен, А. Ө. Сужикованың "Ұлы Абай" кітабымен таныстырды, облыстық жобаға қатыса отырып, кітапханашылардың жетекшілігімен мектеп оқушылары "Оқып болсан, досына бер", "кітап сыйла" акциялары өткізілді.

"Жақсы кітап-жанға арналған тағам", "Туған жер - тұғымым" кітабын шығарып, сертификат алды. Оқырмандарға қазақ шығармаларын оқуға және тыңдауға мүмкіндік беру үшін буккроссинг өткізілді.

«Кітап оқудың пайдасы» атты 5 кластар аралығында кітапханалық сағат өтті.

«Мен оқуға құштармын!» бейнеролик 8 сыныптар мен өткізілді.

2021 - 2022 оқу жылында Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясының кітапханасының жоспарланған шаралары бойынша жүргізілген жұмыстарының қортынды есебі

Оқу жылының басында даярлық топтарына, 5 кластарға жаңа оқулықтар және көркем әдебиеттер келді.

Қыркүйек айында 30 жыл Қазақстан тәуелсіздігіне көрме ұйымдастырылды. Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттық ұлы ұстазы» тақырыптық полка қойылды.

Ыбырай Алтынсаринның туғанына 180 жыл «Дала жұлдызы-Ыбырай Алтынсарин» оқушылардың арасында Ы.Алтынсаринның тақпақтарын мәнерлеп оқып, тақырыптық полка қойылды.

Қазан айында «Қарттарым асыл қазынам» кітаптар көрмесі, және «Салауатты өмір сүреміз» кітаптар көрмесі өткізілді.

Қараша айында «Туған жерім-елдігімнің айғағы» атты кітаптар көрмесі және тәрбие сағаты 3 сыныптар арасында ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында «Тұңғыш Президент» күніне орай кітаптар көрмесі, «Тәуелсіздік жетістіктері» суреттер, кітаптар көрмесі, бейнеролик 6-7 сыныптар арасында өткізілді.

Қысқы демалыс кезінде 8 сыныптар аралығында оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру аясында «Қыста оқимыз» іс-шарасы онлайн түрінде өткізілді.

Қантар айында «Сүйікті оқылым сіздер үшін оқырман» кітап көрмесі, М.Мақатаевтың туғана 90 жыл «Мұқағали әлемі» кітаптар көрмесі 6 сыныптар арасында тәрбие сағаты өткізілді.

Ақпан айында «Кітап оқып, рухани бай бол!» 6 сынып аралық сайыс ұйымдастырылды. Жамбыл Жабаев «Жыр алыбы» кітаптар көрмесі өтті

Наурыз айында «Наурызым-мерекем, Наурызым-берекем» көрме, Алихан Бөкейханға 155 жыл кітаптар көрмесі өткізілді..

14 наурыз GOWORKING орталығында 8 класс оқушылармен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бақытты балалық шақ» атты кітаптың презентациясы өтті. Кітап мектебіміздің оқушыларының шығарған өлеңдерінен құралған.

Наурыз мерекесіне орай «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» атты көрме ұйымдастырылды.

Сәуір айында «Құстар- біздің досымыз» кітап көрмесіне шолу жасалды.

Мамыр айында – «Қазақстан халықтарының бірлігі» тақырыптық полка кітаптар көрмесі, Жеңіс күніне кітаптар көрмесіне шолу жасалды.